

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми -практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 121-123.

**ӘОЖ 82-32**

## **ӘНГІМЕ ЖАНРЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫ БЕЙНЕСІ**

*Шукуманова Б.С., п. э. м.*

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,  
Астана қ.*

Қазақ әдебиетінде өзекті тақырыпқа айнала білген жылқы бейнесін С. Жүнісов, Т. Әлімқұлов, Ә. Кекілбай т.б. қаламгерлер шығармаларына тақырып еткен. Алайда, қазіргі қазақ әдебиетінде соны көзқарас, жаңаша форма, жаңа бағыт, өзгеше сөз қолданысы байқалатыны жасырын емес. Мақалада қазіргі қазақ әдебиетіндегі дарынды қаламгерлер Нұрғали Ораз, Айзат Рақыш шығармаларындағы жылқы образы талданды, салыстыру жұмысы жүргізілді. Жылқы образының астарында жасырынған қоғам тартысы ұтымды сомдалғаны сөз етіледі.

Қазақ әңгімесінің тақырыптық аясы мен идеялық-көркемдік өрісі ХХІ ғасырда соны образдар, айшықты тілдік қолданыстармен, жаңа жазу әдістерімен толықты. Соңғы отыз жылда әдеби туындылар қоғам айнасына айналып, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді, сана өзгерісін, жаңа дәуірдің тынысына бейімделген, алайда өткеннен қол үзе алмайтын ұрпақты бейнелейтін образдарды әкелді. Қазақы дүниетанымның айшығына айналған жылқы образын туындыларына басты нысан етіп алу кұбылысы да сирек емес. Оған дәлел ретінде Сәкен Жүсінов сомдаған Құлагер бейнесі, Тәкен Әлімқұловтың Ақбозаты мен Абсенті, Әбіш Кекілбайдың Бәйгеторысы, Есенғали Раушанов бейнелеген Көкмойнақ, Фариза Оңғарсынованың арғымақтары, мысалға келтіруге болады.

Жылқы – қазақ дүниетанымында әмбебап сипатқа ие тіршілік иесі. Халқымызда «жылқы мінезді» деп айту әдетке айналған. Ат жақты жігіт ер болады; ат ерінді, жігіт мұрынды келеді; ат – жігіттің қанаты дейді дана халқымыз. Арыстан аң патшасы, жылқы – мал патшасы; жігіттің сорлысын, аттың жолдысы теңестіреді дейді халық мақалы. Ақын, сатирик, атбегі Қажытай Ілиясұлы «Қазақ өзін тану үшін, әуелі жылқыны жыға тануы шарт. Өйткені, қазақ тарихы мен жылқы тарихы әу бастан бірге өсіп, біте қайнасқан тарих. Қазақсыз жылқы тарихы, тірілмейді. Бұл екеуі бөлінсе, тарих тамырына зақым келгендіктен, зорлықтан бөлінеді» [1] – деген орынды пікір білдірген жылқы малы жайында.

«Жұлдыз» журналының қызметкері Зубайда Сахиқызы, қаламгер жайлы былайша ой қорытады: «Айзат Рақыш – жаңа ғасыр әдебиетінің жаңашыл өкілі. Ол өз ұлтымен бірге. Халқын мазалаған ойлар оның шығармасына шырақ болып жағылады. Айзат көтерген тақырыптар мәңгі тірі және әрқашан маңызға ие. Ол –

оқырманын салмақты ой соқпақтарымен өзінің сыршыл әлеміне жетелей білетін жасампаз жазушы» [2].

Мәтін анализі, талдау, саралау, салыстыру әдістері негізге алынды.

– Қазіргі қазақ әңгімесінің даму бағыттарын айқындау арқылы ондағы тақырыптық, мазмұндық, көркемдік ерекшеліктерге мән беру;

– Жазушылардың әңгіме жанрын дамытуға қосқан үлесі мен шындықты бейнелеудегі өзіндік қолтаңбасын зерделеу;

– Жекелеген қаламгерлердің қазіргі қазақ әңгімесіне қосқан үлесін, алатын орнын нақты шығармаларды талдау арқылы көз жеткізу;

– Орта буын жазушылары мен жас қаламгерлер туындыларын сюжеттік, тақырыптық тұрғыдан салыстыру.

М.Мағауиннің «Жүйрік» хикаяты бастан аяқ бір леппен оқылады. Классикалық үлгіде жазылған шығарманың алғашқы бөлігі шегіністен басталады. Барлық оқиға кейін көзге түседі. Сюжет бойынша бас кейіпкер Нарқызыл сәйгүліктің соңғы күндері баяндалып, өткен өмірі суреттеледі. Жылқы арқылы қазақ халқының ұлттық мінезі көрініс табады.

Повестте Нарқызылдың баяғыда бәйге аты болғаны, ал енді Семей қаласына етке айдалып бара жатқаны, жылқының алдына түсіп алып, жайылмайтындығы, өзге жылқыларға жайылым бермейтіні суреттеледі.

«Жүйрік» повесін жазу әлем әдебиетіндегі ат туралы шығармаларды зерделеп оқып, жылқы жайлы тарихи деректерді, қазақ халқының ат жарату, ат баптау жайлы деректерін түгел қамтып қарастырғаны туралы деректі өз мақаласында ғалым Ж.Асанов атап өткен.

Ғалым жазушы осылайша қазақ жылқысының төрт мың жылдық тарихын танып, ат үстінде өскен бабалар рухын ой елегінен өткізіп елу беттен тұратын шағын повесті жазып шыққан.

Нұрғали Ораздың «Жылқының көз жасы» әңгімесі қасқа бие мен Абат қарт арасындағы қимастық сюжетіне құрылған. Шығарма Абат қарттың алыстан сағым боп көрінген қасқа биесінің жас дәуренін елестетуден басталады.

Автор қасқа биенің жағдайын адам өмірінің соңғы ширегімен параллель суреттейді.

Жасы жетіп Абат ақсақалдай қарттық жеңген қасқа биенің де демі таусылар шағы таяйды. Соны сезген қарт өз түсінен шошып оянады. Қасқа бие ауырып жатқан сәтте Абат қарттың өзі шамалас құрдасы келіп, жылқының қиналғанына шыдамай бауыздауға кеңес береді. Абат қарт бұл ойдан шошып, туған бауырынан айырылардай күй кешеді.

Әңгіме жылқының жан тапсыруынан аяқталып оқиға желісі артқа айналып, шығарма атауына негіз болған жағдайға тап боламыз. Көзінен жас парлаған жануарын көрген қарт жас балаша жұбатуға әрекет жасайды.

Абат қарт түскі асын ішіп, қораға қайтып келгенде қасқа биенің көзінен тарам-тарам жас ағып, жылап тұрғанын көрді. Ә дегенде абдырап, не істерін білмей дағдарып қалған қарт: «Жануарым-ау, жануарым-ау!.. – дей берді оның арқасынан қағып. Дауысы біртүрлі құмығып, дірілдеп кетті. – Мұның не?! Саған жәбір көрсеткен жеріміз жоқ еді ғой...».

Қасқа биенің жан тапсыруға әзірленген сәті қарияның дүниемен қоштасуындай әсерлі баяндалады.

Полигоннан құлазыған даланы «жын жайлаған меңіреу өлке» деп суреттейді жазушы. Ол тек соңымда қалып бара жатқан үрім-бұтағым – ұл-қыздарымның ендігі тағдыры не болмақ деп қамықты ғой. Олар мынау Жын жайлаған меңіреу өлкеде оңы мен солын танып үлгермей жатып жетім қалса... жылап қалса, Абаттың аруағы ана дүниеде қайтіп жай тауып, қалай тыныш жатпақ

Полигонның зардабынан жаман ауруға шалдыққан Абат шал саумалмен емделеді.

Сол жылы жазда Құдай жарылқап, қасқа бие құлындады емес пе. Әй, бір сүйкімді, әй, бір сұлу құлын туды ғой. Қызыл күрең мап-майда түгі күн көзіне шағылысып, жалт-жүлт етіп тұрды ғой!.. Иә, сол бір сүп-сүйкімді қызыл құлынмен таласып қасқа биенің бір емшегін Абат та емді. Сүттей ішті, саумал күйінде ішті, қымыз қып сапырып ішті.

Басты кейіпкер тағдыры қасқа биенің қасиеті арқылы келісіп, ауыр экологиялық ахуал орнаған тұстағы халықтың көпшілігі жынның дертін жынды су арқылы шешкенде ұрпағының ондай дерттен аулақ болып өсіп-жетіліп, тәубесіне келуімен өріледі.

Шығарма соңында тағы бір мәрте жылқының көз жасына куә боламыз. Тек бұл қасқа биенің ұрпағы күрең аттың көз жасы еді.

Нұрғали Ораздың Абат қартындай басты кейіпкеріміз Қанибек сәуегей түс көреді. Қорада тұрған жылқысын өртеген құбыжық Таласбай боларын ол әлі білмеді.

Шарт ұйқыдан оянған Қанибек баласынан айырылған бейбақ ананың зарындай көк биенің дауысын естиді.

Автор А.Рақыш Қанибектің әйелі Сәбиланың зары мен көк биенің кісінеуін психологиялық тұрғыдан параллель суреттеледі: «Бір сәт еңірей жылаған әйелдің зары мен қараңғы қораның бір бұрышында ажалмен дара айқаста қайран қыла алмаған көк биенің төбе-құйқаны шымырлата кісінеген үні астасып кетті. Екеуі де ана зары еді. Қос үнде де ажал өртін айқасқа шақырған қайрат бар-тын».

Осы сәтте автор Таласбай есіне кер құнанды қорғамақ болған көк биені түсіреді.

Шығарма Қанибектің пенденің тағдырын пенде шешпейдігін, кешірімді жаратушыдан сұрау керектігін айтқан ойымен аяқталады.

Шығарма сюжетінен байқағанымыздай, көк биенің көз жасы, жылқының көз жасы да басты кейіпкерлер Абат қарт пен Қанибектің өз тағдырымен ұласып жатыр. Авторлардың пайымдауынша, адам жанындағы бітпес жара мен кара уайым жылқы малының көз жасымен жеткізілген [3].

Қазақ әңгімелеріндегі жылқы бейнесі арқылы қаламгерлер экологиялық, ұлттық, этнографиялық, танымдық мәселелерді қарастырғанын аңғарамыз. Зерттеуде нысанына алынған Нұрғали Ораздың «Жылқының көз жасы», Айзат Рақыштың «Көк биенің киесі», әңгімелері жылқы малының мінез-құлқының ерекшелігі, жануарлар тіршілігі туралы болса, әр шығарманың өзіндік ерекшелігі мен жазылу стилі, баяндау, суреттеу тәсілдері сан қырлы. Бұл біздің қазіргі қазақ

әңгімелердегі тақырыптық, идеялық, танымдық қырларының ашылуына айғақ. Сонымен қатар, қазіргі қазақ әдебиетіндегі көркемдік ізденістер оқырманды қызықтырып, ерекше ықыласпен оқуға жетелейді [4].

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Ілиясұлы, Қ. (1998). Жылқыны ойласам, жылағым келеді... Жетісу газеті, 2.
- 2 Мухамадиев, ХС. (2011). Концепт тулпар или «поклонитесь коню». *ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы*, 2(132).
- 3 Жанәбіл, С. (2010). *Биіктегі сұлулық*. Ана тілі.
- 4 Елеукенов, Ш. (2016). *Айзат айшықтары*. «Қазақ әдебиеті» газеті, 41-42.